

ХҒТАР 11.25.15
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2026-154-1-39-49>

Украина дағдарысының жаһандық азық-түлік жүйесіне әсері

Г.М. Елмагамбетова*¹, А. Далелхан¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: gulbanu.elmaganbetova.95@mail.ru, dalelkhan_a@enu.kz)

Аңдатпа. Мақалада жаһандық азық-түлік мәселесіне, оған әсер етуші факторлар мен салдарына қысқаша сараптама жасалады. Әлемдік қауымдастық бұл мәселені ұзақ уақыт бойы шешуге тырысады, бірақ коронавирустық пандемия, түрлі қақтығыстар сияқты себептердің туындауы сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылықты арттырып, жаһандық экономикалық өсуге қауіп төндіруде. Оған қоса, мақалада соңғы геосаяси толқыныстардың, әсіресе Украина дағдарысының әлемдік азық-түлік мәселесіне ықпалы статистикалық мәліметтер негізінде баяндалып зерттеледі. Аталмыш дағдарыс әлемдік аренада түрлі мәселелер туындатқаны белгілі, ал азық-түлік жүйесіне ықпалы бағаның өсуі, басқа тасымалдаушы табу қиындығы, сапаның төмендеуі, егістік жерлердің азаюы сынды бірқатар қиындықтар қалыптастыруда. Статистикаға сәйкес, дағдарыстың басты екі акторы – Украина мен Ресей азық-түлік өндірісі мен саудасындағы ең ірі ойыншылар. Мысалы, Украина мен Ресей арпа, күнбағыс және жүгеріні әлемдегі ең ірі бес экспорттаушының қатарына кіреді және де олар әлемдік бидай экспортының үштен бірін құрайды. Кейбір ауылшаруашылық өнімдеріне балама жеткізу көзін табу ұзақ мерзімді перспективада да өте қиын және екіталай болуы мүмкін. Украина мен Ресейден келетін экспортқа тәуелді бірқатар дамушы елдердегі онсыз да күрделі азық-түлік мәселесі одан әрі ушығуда. Қақтығысушы тараптардың да экономикасына келіп жатқан шығындар аз емес. Мәселені шешу үшін халықаралық ұйымдар мен басқа да акторлардың атқарып жатқан шаралары туралы ақпарат та мақалада баяндалады. Мақалада аталған мәселелер мен алдағы уақытқа қатысты бірқатар болжамдар мен ұсыныстар кеңінен пайымдалады.

Түйін сөздер: Қазақстан, азық-түлік қауіпсіздігі, Украина, Ресей, бидай өндірісі, инфляция.

Кіріспе

Тарихтың қай кезеңінде де, әлемнің қай аймағында болмасын, үнемі өзектілігін жоймайтын мәселелердің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі. Азық-түлік мәселесінің тиімді шешім табуы, халықтың толыққанды қамтамасыз етілуі кез келген мемлекеттің жақсы өмір сүру деңгейіне, әл-ауқатына тікелей ықпал етеді. Алайда бұл мәселені тереңірек және әлемдік масштабта зерттеу өткен ғасырдың ортасында, II дүниежүзілік соғыстан кейін, әлемнің көптеген елдері соғыс қимылдарының, соның ішінде азық-түлік тапшылығының ауыр зардаптарын бастан кешірген кезде басталды. 1945 жылы Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) және Халықаралық азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) құрылуымен әлемдік қоғамдастық азық-түлік қауіпсіздігіне елдердің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде назар аударады. Бейбіт уақытта әлем халықтарының басым көпшілігінде азық-түлік жетіспеушілігі, бағаның өсуі сияқты мәселелер болған болса, соңғы кездердегі пандемия жағдайы, Украина дағдарысы сияқты мәселелер аталмыш мәселені одан әрі ушықтыруда. ФАО-ның 2022 жылғы статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, жер шарындағы халықтың 10 пайызға жуығы 2021 жылы аштықтан зардап шекті, бұл 2020 жылғы 9,3% және 2019 жылғы 8%-бен салыстырғанда жоғары. Сондай-ақ 2021 жылы әлемде 702-ден 828 миллионға дейін адам әлі де аштыққа ұшырады. 2022 жылы тамақтанбаған адамдар саны 7,6-13,1 миллионға өсті [1]. 2022 жылы жер шарындағы халықтың 11,3 пайызы (900 миллион адам) азық-түлік қауіпсіздігі бойынша тәжірибе шкаласына сәйкес аса қатты азық-түлік тапшылығын бастан кешірді. Әсіресе бұл мәселе деңгейі Африка аумағында басқа аймақтармен салыстырғанда тым жоғары көрсеткішке ие [2]. Азық-түлік дағдарыстары туралы жаһандық есептің 2023 жылғы нәтижелері 2030 жылға қарай аштықты тоқтату мақсатына жету қиындай түсетінін көрсетеді, өйткені төртінші жыл қатарынан азық-түлік қауіпсіздігінің жоғары деңгейіне тап болған халық саны артып келеді [3].

Зерттеу әдістері мен материалдары.


Зерттеу тақырыбы бүгінгі күні өзектілігімен қатар, күрделілігімен де ерекшеленеді. Қақтығыс әлі күнге созылып жатқандықтан, одан туындайтын зардаптар мен салдарға қазіргі оқиғалардың өрбуіне қарай болжам жасау қажеттігі айғақталады. Зерттеу жұмысы кезінде алынған нәтижелер алыс-жақын шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстарының теориялық әдебиеттерін және халықаралық ұйымдардың ресми дереккөздері мен ақпараттық материалдарын пайдалану арқылы мүмкін болды. Салыстырмалы талдау аталмыш дағдарыстан туындап жатқан теріс салдар мен олардың әлем елдеріне ықпалын бағамдауға, сондай-ақ өндіріс көлемінің даму беталысын сараптап, болжауға мүмкіндік берді. Зерттеудің тарихи талдау әдісі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің осы уақытқа дейінгі қалыптасу кезеңдерін айқындап, әрі қарай шешілу жолдарын анықтауға ықпал етеді. Жүйелі талдау әдісі зерттеу пәнін нақты айқындауға, басымдықтарын анықтауға, мәселенің шешімі табылуы үшін атқарылып жатқан шараларға шолу жасауға жол ашты.

Нәтижелер мен талқылаулар. Соңғы уақытта Украина мәселесінің күрделенуіне байланысты азық-түлік мәселесі де қайта ушыға түсті. Украина мәселесінің басты екі акторы Ресей мен Украина әлемдік нарықтың азық-түлік өндірісі мен саудасындағы басты өндірушілері саналады. Мәселен, Украина мен Ресей арпа, күнбағыс және жүгеріні әлемдегі ең ірі бес экспорттаушының қатарына кіреді, олар әлемдік бидай экспортының үштен бірін құрайды. 2020 жылы екі ел әлемдегі барлық астықтың шамамен 6%-ын, бидайдың

14%-ын, жүгерінің 4% және күнбағыс тұқымының 50%-дан астам өндіріді [4]. 2023 жылы бұл көрсеткіштер артып, екі елдің әлемдік бидай өндірісіндегі үлесі 15%-ды, күнбағыс тұқымындағы үлесі 57%-ды құраған [5]. Бұл елдердің әлемдік азық-түлік жүйесіндегі маңыздылығын одан сайын арттырады.

Күнбағыс тұқымын ауыстыру және оларға балама жеткізу көзін табу ұзақ мерзімді перспективада да өте қиын және екіталай болады. Себебі, ФАО-ның соңғы статистикалық ақпараттарына сүйенсек, жаһандық күнбағыс дақылы өндірісі 50 миллион тоннаны құраса, соның жартысын Ресей мен Украина өндірген (1-сурет) [6].

1-сурет. Жаһандық күнбағыс дақылын өндіруші елдер



Украина мен Ресейде күнбағыс тұқымын өндірудің төмендеуі астықты жоғалтудан басқа да көп қиындықтар тудыруы мүмкін. Күнбағыс майы тікелей және өндірістік процестерде көптеген өнімдерде қолданылады. Пальма, рапс және соя сияқты басқа майлармен алмастыруға болады, бірақ күнбағыс майын қолданатын кей өнім үшін басқа майды қолдану жарамайды. Украина дағдарысы әсіресе табысы төмен елдердің азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне кері әсерін тигізуде. Себебі Нигерия мен Бангладеш сияқты халықтың өсу қарқыны жоғары елдер халықаралық нарықтағы астық жеткізіліміне қатты тәуелді. Пандемиялық жағдайдан кейін қалпына келе бастаған Африка аймағы үшін де теріс ықпал етті. Украинадағы қақтығыс салдарынан туындаған азық-түлік пен жанармай бағасының өсуі, тауарлар мен қызмет саудасының үзілуі, жасыл экономикаға көшуге шектеулер және бүкіл әлем бойынша дамуды қаржыландыру ағынының төмендеуі әсіресе Африка үшін қиындықтар туындатты. Соғыстың Африка үшін ең айқын салдары инфляция, жанармай мен азық-түлік бағасының көтерілуі, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақсыздығы болды. 2021 жылы Кения бидайдың 30%-дан астамын Ресей мен Украинадан сатып алды, осы елде ең көп тұтынылатын үшінші азық-түлік болып табылатын нан өндірісі жеткізу тізбегінде кедергілер болса, зардап шегетіндігі белгілі. Бірқатар зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, қақтығыс салдары Африкадағы даму жобаларына кері әсерін тигізуде, кей жобалар кейінге қалдырылып, кей жоба бойынша серіктестер қаржыларын Еуропадағы соғыстан туындаған гуманитарлық апатты жеңуге бағыттауда [7].

Украина өндірісі мен экспортындағы, сондай-ақ Ресей экспортындағы үзілістер соғысушы тараптардан импорттайтын елдерде азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Осылайша тапшылыққа байланысты бағаның өсуі бұл елдерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етеді. Тек қана дамушы елдерде емес, Еуропалық одақ пен жалпы әлемде азық-түлік бағасы өсуде, оған қоса өндіріс шығындары да, көлік пен энергия бағасы да арту үстінде. Украина әдетте дәнді дақылдардың жартысына жуығын, яғни ЕО жүгері импортының 52%-ын, өсімдік майлары импортының 23%-ы, рапс майының 72%-ын және Еуропаға тасымалданатын құс етінің төрттен бірін жеткізеді. Басқаша айтқанда, ЕО үшін

ірі тасымалдаушылар қатарында [8, 129-130 бб.]. Соңғы мәліметтер көрсеткендей, 2021 жылы 25 ел Ресей Федерациясы мен Украина бидай импортының кем дегенде 50 пайызына тәуелді болды [9]. Мәселен, Ливан мен Тунис импорттайтын дәнді дақылдардың жартысына жуығын Ресей мен Украина импорттайды, Ливия мен Египет үшін бұл көрсеткіш үштен екісін құрайды. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағы құрғақшылық пен тұз сияқты төтенше климаттық жағдайлардың салдарынан ауылшаруашылық өндірісінің шектеулі мүмкіндіктеріне байланысты азық-түлік импортына тәуелді болып қала береді. Сәйкесінше мұндай жағдай әлемдік нарықтардағы бағаның күйзелістеріне де тәуелді етеді. Украинадан тасымалданатын азық-түлік экспорты 400 миллион адамды калориямен қамтамасыз етеді. Дағдарыстық жағдай бұл жеткізілімдерді тоқтатуда. Яғни, таяу арада Украина мәселесі шешілмесе, азық-түлік импортына тәуелді елдер үшін тасымалдаушы көздер мен басқа балама табу қиындығы, азық-түлік жетіспеушілігі туындай бастайтыны анық. Жетіспеушілік бағаның өсуіне ықпал етіп, қазірдің өзінде бірқатар дамушы елдерде наразылық тудыруда. 2007 және 2012 жылдардағы халықаралық нарықтағы бағаның күрт өсу тәжірибесі бағалар тез өскен кезде экспорттаушылар өздерінің азық-түлік қауіпсіздігін және ішкі нарықтағы тұрақты бағаларды қамтамасыз ету үшін экспортты шектеуге бейім екенін көрсетеді. Нәтижесінде халықаралық бағалар өсе береді және нарық құбылмалы болып қалады. ФАО-ның жыл сайынғы азық-түлік Бағасының индексі (FFPI) санаттар бойынша өсімдік майларының бағасы айтарлықтай өскенін көрсетеді. 2020 және 2021 жылдары бүкіл әлем бойынша мұнай бағасының күрт өсуіне әсер еткен факторлардың бірі COVID-19 пандемиясы кезінде жеткізу тізбегінің үзілуі болды. Сонымен қатар Украинадағы соғыстан кейін жүк тасымалдау шығындары мен астық бағасы да азық-түліктің әлемдік бағасына айтарлықтай әсер етті. Азық-түліктің әлемдік бағасы жеткізу құны мен астық бағасының өзгеруіне байланысты 3,68 пайызға өсті деп есептеледі [10].

Зерттеулер бойынша Украинада егістік жерлерге егін егу үшін жанармай мен жұмыс күші жетіспейді. Ресейде де өз кезегінде Еуропалық одақтан сатып алатын тұқымдар мен пестицидтердің кейбір жеткізілімдері жетіспеуі мүмкін. Астық бағасының тез өсуіне қарамастан, әлемнің басқа елдеріндегі фермерлер тапшылықтың орнын толтыра алмауы мүмкін. Мұның бір себебі бағалар тұрақсыздығында болып отыр. Сондай-ақ тыңайтқыштар мен энергия бағасының күрт өсуіне байланысты пайда маржасы төмендейді. Егер фермерлер тыңайтқыштарды тұтынуды азайтса, әлемдегі өнімділік одан әрі төмендейді деп топшылайды зерттеушілер. Одан бөлек, шиеленіс басталғаннан бері 23 ел азық-түлік экспортына қатаң шектеулер жариялады, бұл жалпы әлемдік калория тұтынудың 10%-ын қамтиды [11].

Бағаның өсуімен қатар туындайтын тағы бір мәселелердің бірі – тасымалдау жолдарының қиындауы. Украинадағы қақтығыс ішкі көлік инфрақұрылымы мен теңіз порттарына, сондай-ақ сақтау және қайта өңдеу инфрақұрылымына зиян келтірді. Инфрақұрылымның бұзылуы – соғыстардың ең ауыр және ұзаққа созылатын әсерлерінің бірі. Логистикалық процестердің бұзылуымен қатар, қайта құру үшін айтарлықтай инвестицияларды қажет етіп, бұл жылдарға, тіпті ондаған жылдарға созылуы мүмкін [12]. Бұл сонымен қатар порттар арқылы барлық коммерциялық тасымалдау операцияларының тоқтатылуына әкелді. Теңіз порттары мен шағын өңдеу зауыттарына тасымалдаудың теміржол, өзен немесе автомобиль көлігі сияқты баламалы әдістерінің шектеулілігін ескерсек, аталмыш мәселе үлкен алаңдаушылық туғызады. Бұған қоса, Қара теңізде жүзетін кемелердің сақтандыру шарттарында сыйлықақы мөлшерлемесінің жоғарылауы немесе әскери қамтудың болмауы теңіз тасымалының онсыз да жоғары шығындарын күшейтіп, азық-түлік импортының құнын арттырды.

Соғыс тұрақты экономикалық қызмет пен күнкөрісті тоқтатады және кіріс ағындарын шектейді. Жергілікті ресурстар жеткілікті болған жағдайда да, қауіпсіздіктің болмауына, инфрақұрылымның бұзылуына, энергия мен қызметкерлердің жетіспеушілігіне байланысты тұрақты жеткізу тізбегі бұзылуы мүмкін. Украина да, Ресей Федерациясы да соғыс басталғанға дейін азық-түлік бағасы инфляциясының жоғарылауын бастан кешірді, дегенмен екі жағдайда да жергілікті бағалар 2015 жылы тіркелген ең жоғары деңгейден едәуір төмен болды, өйткені Украинаның шығыс бөлігіндегі соғыс экономикалық қызметке кері әсерін тигізді. Азық-түлік бағасының жылдық инфляциясы 2022 жылдың ақпанында Украинада 14,3 пайызды және Ресей Федерациясында 11,5 пайызды құрады, бірақ ол Украинада 22,4%-ға дейін (2022 ж. сәуір) және Ресей Федерациясында 20%-ға дейін өсті (2022 ж. мамыр) [9]. Соғыс қимылдарын жалғастыру және соғыстан туындаған үзілістер екі елде де азық-түлік инфляциясының тұрақты өсуіне әкелуі мүмкін, бұл жергілікті халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне және соның салдарынан азық-түлікке сенімсіздік пен дұрыс тамақтанбаудың жоғарылауына әкелуі мүмкін деген алаңдаушылық бар. 2022 жылдың 24 ақпанына дейін Украинаның шығысындағы сегіз жылға жуық қақтығыс нәтижесінде шамамен 1,5 миллион адам қоныс аударды, шамамен 1,1 миллион адам азық-түлік пен күнкөріске мұқтаж болды және олардың 400 000-ға жуығы азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты қажеттіліктерге ие болды [9]. Соғыс сондай-ақ Украинада және қоныс аударған халық баспана іздейтін көрші елдерде гуманитарлық қажеттіліктерді арттырды. Сол себепті де ауыл шаруашылық нарығындағы дүрбелеңнің ауқымды салдары әлі де болуы мүмкін. 2023 жылы қақтығыс шығынының құны украиналық фермерлер мен ауыл шаруашылық корпорацияларына жоғалған табыс, техника мен ауыл шаруашылық техникасына, қоймаларға, мал мен дақылдарға келтірілген залал, сондай-ақ көлік шығындарының артуы тұрғысынан 28,3 миллиард долларды құрады [13].

Қақтығыстың әлі күнге дейін жалғасуы әлем елдерінде түрлі мәселелер туындатуда. COVID-19 пандемиясына және Ресей-Украина қақтығысына байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы 1,7 миллиардқа жуық адам аштыққа ұшырайтынын ескерткен болатын. Азық-түлік тапшылығы бар адамдардың саны пандемияға дейінгі 135 миллионнан 276 миллионға дейін екі есе өсті. Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс Таяу Шығысқа, Солтүстік Африкаға, Оңтүстік Азияға және тіпті Оңтүстік Америкада азық-түлік, энергия тапшылығын, инфляцияны және басқа дағдарыстарды тудырды. Ливан, Шри-Ланка, Египет, Судан және Тунис сияқты көптеген елдер домино сияқты әлеуметтік толқуларға тап болды. Зерттеушілер бұл дағдарыстар аштық революциясына әкелуі немесе осы елдерде басқа саяси толқулар тудыруы мүмкін деп болжайды [14].

Сипатталған мәселелерге қатысты қолға алынып жатқан шаралар да жоқ емес, мысалы ФАО жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі жағдайын және соғысқа байланысты туындайтын қауіптерді жақсарту бойынша бірнеше саяси ұсыныстар жасады. Олардың қатарында Украина үшін жедел әрекет ету жоспары, Азық-түлік импортын қаржыландыру тетігін құру, Украинаның ауыл шаруашылығын қайта құру мен сауықтырудың инвестициялық қажеттіліктерін бағалау, 2022-2023 жылдардағы азық-түлік қауіпсіздігін ұлттық және ұлтүсті деңгейде бағалау, Азық-түлік қалдықтарын азайту сияқты бірқатар маңызды салаларды қамтитын шаралар бар [9]. Халықаралық азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы Украина дағдарысының азық-түлік саласына тигізіп жатқан салдары мен зиянын Екінші дүниежүзілік соғыстан бері болмағанын атап өтеді. Сол себепті де қайта құру және ауыл шаруашылығына инвестиция салу жоспарларын ұсынып, ол жергілікті және жаһандық деңгейде соғыс салдарын азайту үшін өте маңызды қадам деп бағамдауда.

Украина ауыл шаруашылығындағы негізгі құралдардың жалпы құны (өңдеу секторын қоса алғанда) 29 миллиард АҚШ долларына бағаланады. ФАО ресми мәліметтеріне сүйенсек, ауыл шаруашылығы секторындағы болжамды залал мен шығын 80,1 миллиард АҚШ долларын, ал ирригациялық және су ресурстары секторындағы болжамды залал мен шығын 1,4 миллиард АҚШ долларын құрады, ал ықтимал ластанған жер көлемі 17,4 миллион га құрап отыр [15]. ФАО Дүниежүзілік банк және Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты инвестициялық және қаржылық серіктестерімен тығыз жұмыс істейді, олар Украинаны қалпына келтіруге сәйкесінше 3 миллиард АҚШ доллары мен 2 миллиард АҚШ долларын бөлуге уәде берген [6].

2023 жылы ФАО көмегі Украинаның ең көп зардап шеккен аудандарындағы 161 399 ауылдық үй шаруашылығын қамтыды, бұл оларға күнкөрістерін қорғауға, өз бетінше азық-түлік өндіруге және гуманитарлық көмекке тәуелділікті азайтуға мүмкіндік берді. Мысалы, ФАО 64 332 үй шаруашылығына 7,7 тонна көкөніс тұқымын және 3 216 тонна картоп тұқымын берді, бұл оларға 32 166 тонна көкөніс пен 34 740 тонна картоп өндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар 77 422 үй құс еті және/немесе мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге қажетті ресурстарды алды және 19 745-тен астам үй шаруашылықтары ақшалай және ваучерлік көмек алды. ФАО 5745 тонна дәнді дақылдар тұқымын, 74 энергия генераторын, 947 дәнді дақылдар мен ауылшаруашылық жабдықтарын, сондай-ақ басқа да шикізат пен активтерді бөлу арқылы 6441 шағын және орта ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өндірістік қуатын арттырды. Сонымен қатар ФАО ауылшаруашылық жерлерін минадан тазартуға, ветеринарлық және фитосанитарлық зертханалардың әлеуетін арттыруға және өсімдіктердің генетикалық ресурстарын қорғауға өз үлесін қосты. 2024 жылға арналған жоспарына сәйкес ФАО 821 мың адамға көмек көрсету үшін 150 млн. доллар көлемінде қаржы қажеттігін алға тартуда [15].


Жаһандық әмбебап ұйымның аталмыш мәселеге қатысты қолға алған басқа да шаралары тиімді нәтижесін көрсетуде. Мәселен, 2022 жылы 27 шілдеде БҰҰ, Ресей Федерациясы, Украина және Түркия арасында қол қойылған «Қара теңіз астық келісімі» Украинаның Қара теңіздегі үш негізгі портынан – Одесса, Қара теңіз, Оңтүстік/Пивденнен азық-түлік пен тыңайтқыштардың коммерциялық экспортын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Келіссөздермен қатар БҰҰ-ның екі жұмыс тобы құрылды – біреуі БҰҰ-ның гуманитарлық мәселелер жөніндегі басшысы басқарған Қара теңіз арқылы украин астығын жеткізуге, ал екіншісі БҰҰ сауда және даму органының бас хатшысы Ребека Гринспан бастаған ресейлік азық-түлік пен тыңайтқыштар экспортын ілгерілетуге бағытталған. Бастама 2023 жылдың 17 шілдесінде үшінші мерзім аяқталғаннан кейін ұзартылған жоқ [16]. БҰҰ мәліметіне сүйенсек, бұл бастама аясында келесідей оң нәтижелерге қол жеткізілді:

- Украинадан үш құрлықтағы 45 елге 33 миллион тоннаға жуық астық пен басқа да азық-түлік өнімдері қауіпсіз тасымалданды;
- БҰҰ басшысының айтуынша, 2023 жылдың маусымына қарай ФАО-ның Азық-түлік бағасының индексі 2022 жылдың наурызында қол жеткізілген рекордтық деңгейден 23%-дан астам төмендеді;
- Бүгінгі таңда мәміле аясында жүгері ең көп экспортталған тауар болды, 16,8 миллион тоннадан астам жөнелтілді, сонымен қатар 8,9 миллион тонна бидай жөнелтілді;
- Экспортталатын бидайдың сегіз пайызын БҰҰ-ның Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы сатып алып, Ауғанстан, Эфиопия, Кения, Сомали, Судан және Йемендегі мұқтаж адамдарға 725 мың тонна тасымалдады [16].

Дегенмен Қара теңіз астық келісімінің кемшіліктері де жоқ емес. Жоғарыда айтылған Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы табысы төмен, азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі


жоғары елдерге бидай тасымалын жүзеге асырғанмен, оның көрсеткіші басқа елдермен салыстырғанда тым төмен. Дамыған елдерге тауарлар көлемінің 40%, ал дамушы елдерге – 60%, соның ішінде Қытай мен Түркияға экспортталған тауарлардың 35% түсті. Қалған дамушы елдерге тауарлар көлемінің 25% түсті, ал азық-түлік тапшылығы бар табысы төмен елдер (ФАО жіктемесі бойынша) тауарлар көлемінің 11% алды. Қазіргі уақытта азық-түлік қауіпсіздігіне ғана емес, алдағы ашаршылыққа қауіп төндіретін Эфиопия, Йемен, Судан, Ауғанстан, Ливан, Кения және Сомали сияқты елдер барлық жеткізілімдердің 5%-дан азын алды. Тойып тамақ ішпейтін адамдардың ең көп үлесі бар елдерге (халық санының >25%) «астық мәмілесі» бойынша азық-түлік мүлдем түспеген. Төмендегі суреттен экспорттың басым бөлігі табысы жоғары елдер мен орташадан жоғары елдерге тасымалданғанын, ал табысы төмен елдерге жеткізілген тауардың көлемі де төмен екенін аңғаруға болады (қараңыз, 2-сурет) [16].

2-сурет. Экспорт, табыс көзі бойынша мәлімет



Қақтығыстан туындаған әлемдік бидай жетіспеушілігі мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін жеңілдетіп шешуде елдерге артылатын жауапкершілік те жоқ емес. Әсіресе басты бидай өндіруші елдер өндіріс пен экспортты алдағы жылдары арттыратын болса, аталған мәселелерді шешу оңтайланып, жаһандық бидай жеткізілімі қалпына келеді деген болжам бар. Әлемнің негізгі бидай өндіруші елдерінің соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, көптеген елдерде бидай өндірісінің артуы байқалады. Мәселен, 3-суреттен Австралия, Үндістан, АҚШ, Украина, Қытай елдерінің бидай өндіріс соңғы жылдары арту үстінде екендігін аңғаруға қиын емес (қараңыз, 3-сурет) [6].

3-сурет. Бидай өндіруші елдердің соңғы жылдардағы көрсеткіші



Бұл бидай тасымалын қалпына келтіріп, жаһандық азық-түлік мәселесін реттеуге оң ықпал етері анық. Ресей өндірісі өткен жылмен салыстырғанда төмендесе, Франция мен Германияда аса өзгеріс байқалмайды. Бұл сондай-ақ Қазақстан сияқты дамушы елдерге де бидай нарығын кеңейтуге мүмкіндік екенін назарда ұстау қажет.

Қорытынды

Украинадағы дағдарыс азық-түлік пен шикізаттың онсыз да жоғары және тұрақсыз халықаралық бағалары кезеңінде ауылшаруашылық өнімдерінің ең маңызды екі экспорттаушысына толығымен әсер етті. Бұл оның ішкі және халықаралық деңгейде де азық-түлік қауіпсіздігіне мүмкін болатын теріс әсерінің ықтималдылығын арттырды. Орын алып жатқан жағдай аймақтық қана емес, халықаралық деңгейде ауылшаруашылық өндірісін тікелей шектеуге ықпал етіп, сәйкесінше, бағаның өсуіне, жергілікті халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне кері әсер етуде. Жоғарыда аталғандай, әлемдегі ең ірі азық-түлік өнімдерін өндірушілерге жататын бұл елдердің экспортының кенеттен және ұзақ мерзімді төмендеуіне әкелсе, әсіресе табысы төмен, азық-түлік тапшылығы бар және Ресей мен Украина экспортына тәуелді елдерге аса зиян келтіретіні белгілі. Дамып келе жатқан жағдайды нақты болжау мүмкін болмаса да, елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің таралуы мен ауырлығы қақтығыстың ұзақтығы мен көлеміне байланысты болатындығы анық. Жаһандық азық-түлік нарығындағы тұрақсыздықты еңсеру үшін жеткізілім тізбегін әртараптандыру мен импортқа тәуелділікті азайтудың стратегиялық тетіктерін қайта қарау кезек күттірмейтін мәселе саналады. Халықаралық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің келешегі тек экономикалық реттеу шараларына емес, сонымен қатар геосаяси тұрақтылық пен өңірлік ынтымақтастықтың тиімділігіне тікелей байланысты болмақ.

Авторлардың қосқан үлесі:

Елмагамбетова Г.М. – зерттеудің негізгі деректерін жинап, талдау жасады, ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізді және ғылыми мақаланың алғашқы қолжазбасын дайындады;

Далелхан А. – зерттеудің тұжырымдамасын жасады, тақырыптың зерттелуіне және дайындалуына бағыт-бағдар берді, ғылыми мақаланың мақсаты мен міндетін анықтады.

Әдебиеттер тізімі

1. FAO. (2022) World Food and Agriculture – Statistical Yearbook. Available via the link: <https://doi.org/10.4060/cc2211en> (Accessed: 03.05.2025).
2. FAO. (2023). World Food and Agriculture – Statistical Yearbook. Available via the link: <https://doi.org/10.4060/cc8166en> (Accessed: 03.05.2025).
3. The Global Report on Food Crises (2023) – FSIN and Global Network Against Food Crises. Available via the link: <https://www.fsinplatform.org/global-report-food-crises-2023> (Accessed: 03.05.2025).
4. Berkhout, Petra, Ron Bergevoet, Siemen van Berkum (2022) A brief analysis of the impact of the war in Ukraine on food security, Wageningen, Wageningen Economic Research, Policy Document 2022-033, pp. 22.
5. АҚШ ауыл шаруашылық департаментінің ресми сайты. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://fas.usda.gov/data/production/commodity/2224000> (Қаралған күні: 03.05.2025).
6. Халықаралық азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының статистикалық бөлімінің ресми сайты. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.fao.org/faostat/en/#home> (Қаралған күні: 03.05.2025).

7. Mhlanga, D., Ndhlovu, E. (2023) The Implications of the Russia – Ukraine War on Sustainable Development Goals in Africa. Available via the link: <https://doi.org/10.1007/s40647-023-00383-z> (Accessed: 03.05.2025).
8. Маглинова, Т.Г. (2022) Глобальный продовольственный кризис, *Economy and Business: Theory and Practice*, vol.7, (89), pp. 128-131.
9. The importance of Ukraine and the Russian Federation for global agricultural markets and the risks associated with the war in Ukraine. Available via the link: <http://www.fao.org/3/cb9013en/cb9013en.pdf> (Accessed: 03.05.2025).
10. Statista статистикалық порталы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.statista.com/statistics/1111134/monthly-food-price-index-worldwide/> (Қаралған күні: 03.05.2025).
11. The coming food catastrophe. Available via the link: <https://www.economist.com/leaders/2022/05/19/the-coming-food-catastrophe> (Accessed: 03.05.2025).
12. Collier, P. (1999) On the Economic Consequences of Civil War, *Oxf. Econ. Pap.*, 51, pp. 168-183.
13. Kozielec, A., Piecuch, J., Daniek, K., Luty, L. (2024) Challenges to Food Security in the Middle East and North Africa in the Context of the Russia-Ukraine Conflict. *Agriculture*. Available via the link: <https://doi.org/10.3390/agriculture14010155> (Accessed: 03.05.2025).
14. Faqin Lin, Xuecao Li, Ningyuan Jia, Fan Feng, Hai Huang, Jianxi Huang, Shenggen Fan, Philippe Ciais, Xiao-Peng Song. (2023) The impact of Russia-Ukraine conflict on global food security, *Global Food Security*, Volume 36 Available via the link: <https://doi.org/10.1016/j.gfs.2022.100661>. (Accessed: 03.05.2025).
15. FAO. (2024). Ukraine: Emergency Response Plan. Available via the link: <https://doi.org/10.4060/cd1363en> (Accessed: 03.05.2025).
16. Қара теңіз астық бастамасының ресми сайты. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.un.org/en/black-sea-grain-initiative> (Қаралған күні: 03.05.2025).

G.M. Yelmagambetova, A. Dalelkhan

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
(E-mail: gulbanu.elmaganbetova.95@mail.ru, dalelkhan_a@enu.kz)*

The impact of the Ukrainian crisis on the global food system

Abstract. The article provides a brief analysis of the global food problem, its influencing factors, and consequences. The world community has been trying to solve this problem for a long time, but the emergence of reasons such as the coronavirus pandemic, various conflicts, continues to increase the gap between supply and demand, and threatens global economic growth. In addition, the article discusses and examines the impact of the latest geopolitical waves, especially the Ukrainian crisis, on the World Food Issue on the basis of statistical data. It is known that this crisis has caused various problems on the world stage, and the impact on the food system creates a number of difficulties, such as rising prices, difficulty finding other carriers, declining quality, and reduced arable land. According to statistics, the two main actors of the crisis – Ukraine and Russia—are the largest players in food production and trade. For example, Ukraine and Russia are among the five largest exporters of barley, sunflower, and corn in the world, and they account for a third of the world's wheat exports. Finding an alternative source of supply for certain agricultural products can be very difficult and unlikely even in the long run. The already serious food problem is becoming even more acute in a number of developing countries that depend on exports from Ukraine and Russia. The costs incurred by the conflicting parties are also important. Information about the measures taken by international organizations and other factors to solve the problem is also discussed in the article. Such issues and a number of forecasts and suggestions for the future will be outlined in the article.

Keywords: Kazakhstan, food security, Ukraine, Russia, wheat production, inflation.

Г.М. Елмагамбетова, А. Далелхан

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: gulbanu.elmaganbetova.95@mail.ru, dalelkhan_a@enu.kz

Влияние украинского кризиса на глобальную продовольственную систему

Аннотация. В статье дается краткий обзор глобальной продовольственной проблемы, влияющих на нее факторов и последствий. Мировое сообщество давно пытается решить эту проблему, но возникновение таких факторов, как пандемия коронавируса, различные конфликты, увеличивает разрыв между спросом и предложением и угрожает глобальному экономическому росту. Кроме того, в статье рассматривается влияние последних геополитических волн, особенно украинского кризиса, на мировую продовольственную проблему на основе статистических данных. Известно, что данный кризис вызвал различные проблемы на мировой арене, а влияние на продовольственную систему создает ряд трудностей, таких как рост цен, трудности поиска другого перевозчика, снижение качества, сокращение пахотных земель. По статистике, двумя главными действующими лицами кризиса являются Украина и Россия, крупнейшие игроки в производстве и торговле продуктами питания. Например, Украина и Россия входят в пятерку крупнейших мировых экспортеров ячменя, подсолнечника и кукурузы, а также составляют треть мирового экспорта пшеницы. Поиск альтернативных источников поставок некоторых сельскохозяйственных продуктов также может быть очень трудным и маловероятным в долгосрочной перспективе. Еще больше обостряется и без того серьезная продовольственная проблема в ряде развивающихся стран, которые зависят от экспорта из Украины и России. Немаловажны издержки, которые понесут и конфликтующие стороны. Информация о мерах, предпринимаемых международными организациями и другими акторами для решения проблемы, также будет затронута в статье. Ряд предположений и предложений по таким вопросам и предстоящему времени изложены в статье.

Ключевые слова: Казахстан, продовольственная безопасность, Украина, Россия, производство пшеницы, инфляция.

References

1. FAO. (2022) World Food and Agriculture – Statistical Yearbook. Available via the link: <https://doi.org/10.4060/cc2211en> (Accessed: 03.05.2025).
2. FAO. (2023). World Food and Agriculture – Statistical Yearbook. Available via the link: <https://doi.org/10.4060/cc8166en> (Accessed: 03.05.2025).
3. The Global Report on Food Crises (2023) – FSIN and Global Network Against Food Crises. Available via the link: <https://www.fsinplatform.org/global-report-food-crises-2023> (Accessed: 03.05.2025).
4. Berkhout, Petra, Ron Bergevoet, Siemen van Berkum (2022) A brief analysis of the impact of the war in Ukraine on food security, Wageningen, Wageningen Economic Research, Policy Document 2022-033, pp. 22.
5. AKSh auysharuashylyk departamentinin resmi saity. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://fas.usda.gov/data/production/commodity/2224000> (Karalghan kuni: 03.05.2025). [in Kazakh]
6. Halykaralyk azyk-tulik zhane auysharuashylyk ujymynyn statistikalyk boliminin resmi saity. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.fao.org/faostat/en/#home> (Karalghan kuni: 03.05.2025). [in Kazakh]
7. Mhlanga, D., Ndhlovu, E. (2023) The Implications of the Russia – Ukraine War on Sustainable Development Goals in Africa. Available via the link: <https://doi.org/10.1007/s40647-023-00383-z> (Accessed: 03.05.2025).
8. Maglina, T.G. (2022) Global'nyj prodovol'stvennyj krizis, Economy and Business: Theory and Practice, vol.7, (89), pp. 128-131. [in Russian]
9. The importance of Ukraine and the Russian Federation for global agricultural markets and the risks associated with the war in Ukraine. Available via the link: <http://www.fao.org/3/cb9013en/cb9013en.pdf> (Accessed: 03.05.2025).

10. Statista statistikalyk portaly. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.statista.com/statistics/1111134/monthly-food-price-index-worldwide/>. (Karalghan kuni: 03.05.2025). [in Kazakh]
11. The coming food catastrophe. Available via the link: <https://www.economist.com/leaders/2022/05/19/the-coming-food-catastrophe> (Accessed: 03.05.2025).
12. Collier, P. (1999) On the Economic Consequences of Civil War, Oxf. Econ. Pap., 51, pp. 168-183.
13. Kozielec, A., Piecuch, J., Daniek, K., Luty, L. (2024) Challenges to Food Security in the Middle East and North Africa in the Context of the Russia-Ukraine Conflict. Agriculture. Available via the link: <https://doi.org/10.3390/agriculture14010155> (Accessed: 03.05.2025).
14. Faqin Lin, Xuecao Li, Ningyuan Jia, Fan Feng, Hai Huang, Jianxi Huang, Shenggen Fan, Philippe Ciais, Xiao-Peng Song. (2023) The impact of Russia-Ukraine conflict on global food security, Global Food Security, Volume 36 Available via the link: <https://doi.org/10.1016/j.gfs.2022.100661>. (Accessed: 03.05.2025).
15. FAO. (2024). Ukraine: Emergency Response Plan. Available via the link: <https://doi.org/10.4060/cd1363en> (Accessed: 03.05.2025).
16. Kara teniz astyk bastamasynyn resmi sajty. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.un.org/en/black-sea-grain-initiative> (Karalghan kuni: 03.05.2025). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Елмагамбетова Г.М. – PhD докторант, Халықаралық қатынастар кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Далелхан А. – PhD, Халықаралық қатынастар кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Yelmagambetova G.M. – PhD student, Department of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Dalelkhan A. – PhD, Department of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Елмагамбетова Г.М. – PhD докторант, Кафедра международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Далелхан А. – PhD, Кафедра международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).